

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасы

Г.А. Макубаева

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2018

УДК 811.512.122

ББК 81.63.24

М 15

Авторы:

Макубаева Гульвира Абилкаировна, азаматтық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Нурмагамбетов Рашид Габитович, ЖБ ФМББМ ЧелМУ кафедрасының профессоры, PhD докторы, ассоциирленген профессор

Турлубеков Батырхан Салимович, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор

Хакимова Гульнара Еркеновна, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ азаматтық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Макубаева Г.А.

М 15 Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әдістемелік құрал. – Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2018 – 80 б.

ISBN 978-601-7955-76-2

Оқу-әдістемелік құралға қазақстандық құқықтың жетекші салаларының негізгі ережелері, сондай-ақ пәннің әр тақырыбы бойынша түрлі жаттығулар, бақылау сұрақтары мен тестік тапсырмалар кәсіби қазақ тілінде берілген. Мұнда азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық ғылымдарының ұғымдық аппаратын зерттеуге, заңи тілдің терминологиясын және тілдік оралымдарды меңгеруге ерекше назар аударылған.

«Құқықтану» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған; одан бөтен, жоғары оқу орындарының оқытушыларымен заңгерлерге кәсіби қазақ тілі бойынша сабақ өткізген кезде пайдалануға болады.

УДК 811.512.122

ББК 81.63.24

М 15

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген және баспадан шығаруға ұсынылған, «21» 02.2018 ж., хаттама № 1

ISBN 978-601-7955-76-2

©Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова
© Макубаева Г.А., 2018

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Тақырыптар бойынша жаттығулар кешені.....	6
1.1 Мемлекет және құқықтың пайда болу теориялары.....	6
1.2 Конституциялық құқық негіздері.....	12
1.3 Азаматтық құқық негіздері.....	16
1.4 Құқық бұзушылық.....	20
1.5 Қылмыс сипаты. Қылмыс және оның түрлері. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс.....	25
1.6 Сот жүйесі.....	31
1.7 Еңбек құқығының негіздері.....	34
2 Тақырыптар бойынша өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар.....	40
2.1 Мемлекет пен құқықтың пайда болу теориялары.....	40
2.2 Конституциялық құқық негіздері.....	44
2.3 Азаматтық құқық негіздері.....	48
2.4 Құқық бұзушылық. Қылмыс сипаты.....	50
2.5 Қылмыс және оның түрлері. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс.....	53
2.6 Құқық қорғау органдары.....	57
2.7 Сот жүйесі. Қылмыстық сот процесінің қатысушылары.....	61
2.8 Азаматтық процестің қатысушылары.....	64
2.9 Қылмыстық-процестік құқығы ұғымы және негіздері.....	68
2.10 Отбасы құқығы. Еңбек құқығының негіздері.....	69
3 Тестілік тапсырмаларға арналған кілттер.....	77
Қорытынды.....	78
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	79

Кіріспе

В профессиональной деятельности юриста язык и речь занимают особое место. Ведь юрист – это правовед, а право – это совокупность устанавливаемых и охраняемых государством норм, регулирующих отношения между людьми в обществе. Формируя и формулируя правовые нормы, охраняя их в различных процессуальных актах, юрист должен безупречно владеть нормами языка. И именно поэтому данное пособие имеет своей главной целью формирование коммуникативной компетенции будущего юриста, способного решать средствами государственного языка актуальные задачи общения в различных сферах своей профессиональной деятельности.

Настоящее пособие предназначено для студентов высших учебных заведений, обучающихся специалистов в сфере юриспруденции. Пособие подготовлено в целях осуществления правоведом своей профессиональной деятельности на государственном языке, с помощью изучения научной, познавательной литературы в сфере юриспруденции, освоения терминологии юридического языка и часто используемых речевых оборотов.

Комплекс упражнений в пособии составлен в соответствии с рабочей учебной программой дисциплины «Профессиональный казахский язык» для студентов специальности «5В030100 – Юриспруденция» в основу которого положен тематический принцип, чем и обусловлено его содержание и композиционные особенности.

Цель учебно-методического пособия – формирование коммуникативной компетенции специалиста, способного решать средствами государственного языка актуальные задачи общения в различных сферах своей профессиональной деятельности.

Основная задача пособия направлена на овладение студентами коммуникативной компетенцией, которая позволит пользоваться профессиональным казахским языком в различных областях юриспруденции, научной и практической работе, а также для самообразовательных и других целей. Кроме того, задачи пособия направлены на то, чтобы способствовать углублению и закреплению знаний, полученных студентами на практических занятиях и в ходе самоподготовки; развивать у студентов способность к творческому, самостоятельному анализу учебной и нормативной литературы; вырабатывать умение систематизировать и обобщать усвоенный материал, критически оценивать его; формировать и укреплять навыки практического применения своих знаний, аргументированного, логического и грамотного изложения своих мыслей; прививать студентам навыки комплексного системного подхода к изучению и применению норм права; служить материалом для самопроверки при изучении и закреплении отдельных тем и отраслей права на государственном языке.

Предлагаемое пособие по курсу «Профессиональный казахский язык» представляет собой междисциплинарную область знаний, включающую в содержание казахский язык в коммуникативно-дискурсном аспекте, основы

профессии и специальности, а также культуру деловой коммуникации. По своей структуре оно представляет собой тексты, упражнения и тестовые задания по дисциплине «Профессиональный казахский язык», необходимость издания которого обусловлена введением новых образовательных стандартов, предусматривающих изучение названной дисциплины обучающихся всех специальностей университета.

1 Тақырыптар бойынша жаттығулар кешені

1.1 Мемлекет және құқықтың пайда болу теориялары

1-ші тапсырма

а) мәтінді оқып шығыңыз;

ә) мәтінге арналған сұрақтарға жауап беріңіз;

б) мәтіннен бейтаныс сөздермен жұмыс жасаңыз, аударыңыз, мағынасын ұғып алыңыз.

«Мемлекет пен құқықтың пайда болу теориялары»

Мемлекет өзінің пайда болу сәтінен бастап саяси ойлар тарихында бірнеше рет тұжырымдалып, адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде мемлекеттің белгілі бір қасиеттері мен функциялары алдыңғы қатарға қойылып отырды. Мысалы, Аристотель мемлекетті сананың, әділеттіліктің, сұлулық пен жалпы игіліктің бет келбеті деп есептеді. Ол адамды «саяси жануар» ретінде қарастырып, «адамды өз өмірінің мәнін мемлекеттен тауып, жаратылғандардың ішінде ең мықтысы» деп санайды. Керісінше, ағылшын ойшылы Т. Гоббс мемлекетті Левиафанмен, яғни Библияда суреттелген құбыжыққа теңестірді: «Оның аузынан жалыншылар шығып, от шоқтары атылып жатыр. Оның мұрын тесіктерінен түтін шығып жатыр. Оның дем алысы көмірлерді ыдыратып, аузынан жалын лаулап жатыр. Оның мойнында үлкен күш, құдіреттілік жатыр және оның алдынан қорқыныш жүгіріп отырады».

Еуропалық саяси ғылымда мемлекеттің екі бейнесін белгілеп шығуға болады:

1) халық игілігі үшін пайда болған мемлекетті ұжымдылықтың ерекше түрі ретінде қарастыру;

2) мемлекетті халықтық билік институттарының біртұтастығы ретінде түсіндіру.

Бірінші дәстүр Аристотельден шығады, ол өз кезегінде мемлекетті ерікті және тең азаматтардың қауымдастығы ретінде көрді. Мемлекет саяси қарым қатынастың формасы болып табылады, ал оның негізі ретінде «билік болып табылады. Адам соған байланысты өзіне ұқсас және ерікті адамдарды басқарады».

Ал, Фома Аквинский мемлекетті саяси қоғамдастық деп түсініп, былай айтады; «Қала – мемлекеттің жетілген қоғамдастығы болып табылады». И. Кант мемлекетке осыған сәйкес тұжырымдама жасаған болатын. Оның белгілеуінше, «мемлекет – өздігінен таралып, басқарылатын адамдардың қоғамы». Одан басқа, философтың ескеруінше, «мемлекет құқықтық заңдар негізінде адамдардың бірігуі» ретінде танылады деген.

Кейіннен, он алтыншы ғасырдан бастап, мемлекеттің жаңа тұжырымдамасы пайда болады. Оның дамуы француз ғалымының есімімен Ж. Бодэнмен (1530-1596) тығыз байланысты болып келеді. «Мемлекет жайлы алты кітапта» ол мемлекетті «суверенитет» пен «мемлекеттің тұрақты және абсолютті билігі» түсініктері арқылы анықтаған болатын. Ол адамдардың қауымдастығын басқарады және де бұл басқарушылықты егеменді билік арқылы орындайды. Мемлекеттің бет келбеті ретінде басқарушы және билік органдары танылады.

Т. Гоббс мемлекеттің осыған сай түсінігімен келіскен болатын. Адамдарды қорқынышта ұстай алатын және сонымен олардың өзара әсерлесуін реттеп, олардың талаптарын жалпы игілікке баулитын жалпы билік монархқа негізделген, өйткені, тек монарх қана мемлекет мәнінің, суверенитетінің жүзеге асырылуына септігін тигізеді. Тек ол билік астындағыларына бейбіт ұсынып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Нәтижесінде билік тек билеушімен, бюрократиямен, мемлекеттің аппаратымен қауымдасып қана қоймай, сонымен қатар нормалармен, қарым қатынастармен, рольдермен, процедуралармен, институттармен қуымдасады.

Мысалы, марксистер мемлекетті тек тапқа бөлінген қоғам ретінде мойындап, оны бір таппен екіншіні басып жаныштайтын машина ретінде, заңның қадағалануын орындайтын орган ретінде, ал мемлекеттіліктен мемлекетсіздікке өтпелі кезеңінде «жалпы істерді басқаратын комитет ретінде» қарастырған болатын.

Атап өткендерден бөтен, саяси ғылымда мемлекеттің әлеуметтік мәні мен табиғаты бірдей түсінілмейді. Теократиялық теория мемлекетті құдайылық идея ретінде қарастырып, «билік Құдайдан» деген тезиске сүйенеді. Теократиялық теория шынайы дәлелдерге иеленді: алғашқы мемлекеттер діни формаларға иеленді, құдайлық құқық мемлекеттік билікке мәртебе берсе, ал оның шешімдеріне міндеттілікті жүктейді. Патриархалдық концепция мемлекетті үлкен отбасы ретінде тұжырымдайды, онда монархтың және қол астындағыларының қарым-қатынастары отбасыдағы әке мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынастарымен баламаланады. Мемлекет тайпалардың руларға, рулардың қауымдастықтарға, кейін мемлекетке бірігуі нәтижесінде пайда болады. Монарх өз қол астындағыларына күтім көрсету керек, ал екіншілері билеушіге бағынуы керек.

XVII-XVIII ғасырларда мемлекет пайда болуының келісімдік теориясы пайда болады. Мемлекетті қоғамдық келісім ретінде түсіне бастады, оған сәйкес адамдар өзінің шынайы құқықтарын, еркіндіктерін сенімді түрде қамтамасыз ету мақсатында мемлекетті құруға келісім береді.

Француз ойшылы Д. Дидроның ойынша: «Адамдар келесіні тез түсінген болатын: егер олар өздерінің еркіндіктерін, тәуелсіздіктерін қолдануды жалғастырып, өздерінің сезімдеріне берілсе, онда адамның бөлек тұрғанына қарағанда, қоғамдағы бөлек адамның қалпы бақытсыздыққа айналады; олар әрбір адамның өзінің шынайы тәуелсіздігінің бір бөлігімен бөлісуі және қоғамның еркін білдіретін, сонымен қатар барлық еркіндіктердің қосылуының

орталығы мен жалпы пункті болатын еркіндікке бағынуы керек екенін түсінді. Мемлекеттердің пайда болуы осылай».

XIX ғасырда пайда болған марксистік теория мемлекеттің пайда болуын антагонистік таптарға бөлінуімен түсіндіреді. Экономикалық билеуші тап мемлекетті өзіне кедейлерді бағындыру үшін құрайды деп есептеген.

Зорлық-зомбылық теориясы жақтаушыларының ойынша, мемлекет тікелей саяси әрекеттіліктің нәтижесі, яғни сыртқы және ішкі зорлық-зомбылықтың нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттің пайда болуы жалпы қажеттіліктердің және мүдделерді көрсетудің қажеттілігімен негізделген. Мемлекеттің жалпы мақсаттар мен мүдделерді орындауда артықшылығы оның жоғары ұйымдастырылуымен және билеушілер арасында еңбектің бөлінуімен байланысты болып келеді.

Мысалы, заң шығарушылар құқықтық нормаларды өндесе, әкімшілік оларды қоғамның мүшелеріне қолданады, ал сот азаматтар мен билік тарапынан құқықтық нормалардың орындалуын бақылайды.

Мемлекет саяси институт ретінде оны үкіметтік емес саяси ұйымдардан ерекшеліндіретін қасиеттердің бір қатарына иеленеді.

Біріншіден, барлық мемлекет төңірегінде саяси билік ұйымдасуының бірегей аумақтық ұйымы ретінде анықталады. Мемлекеттік билік барлық халыққа белгілі бір аумақ бойынша тарайды.

Екіншіден, мемлекет саяси биліктің ерекше ұйымдастырылуын білдіреді. Ол өз кезегінде арнайы механизмге, органдардың жүйесі мен құрылымдарына иеленеді. Мемлекеттің механизмі заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерімен ұсынылған.

Үшіншіден, мемлекет құқық негізінде қоғамдық өмірді ұйымдастырады, өйткені, тек мемлекет жалпы міндетті сипатқа ие заңдардың көмегімен қоғамның өмірін реттеуге деген құқыққа иеленеді.

Төртіншіден, мемлекет биліктің егеменді ұйымын білдіреді. Мемлекеттік биліктің егемендігі оның заң күшінің жоғарылығында және мемлекет төңірегінде басқа да билік тармақтарынан және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасында тәуелсіз болып келеді.

Бесіншіден, мемлекет экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін салықтар мен басқалай ақшалай төлемдерді мәжбүрлі түрде алуға құқылы болып келеді.

Мемлекет оны басқа да саяси институттардан ерекшелейтін функциялардың бір қатарын орындайды. Дәстүрлі түрде мемлекеттің функциялары жалпы қойылған мақсаттарды орындау салалары бойынша ішкі және сыртқы деп бөлінеді. Ішкі функцияларға экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, құқықтық, саяси, білім беруші, мәдени тәрбилеуші жатқызылады.

Экономикалық функция салықтық және несиелік саясаттың көмегімен экономикалық үрдістерді реттеу, координациялау мен ұйымдастыруында сипатталады.

Әлеуметтік функция адамдардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделеді.

Құқықтық функция құқықты сақтауды, құқықтық нормаларды орнықтыруды қамтамасыз етуден тұрады. Ол өз кезегінде қоғамдық қарым-қатынастар мен адамдардың әрекеттерін реттейді. Құқықтық нормалардың қорғалуы мемлекеттің арнайы құқық қорғаушы органдарымен орындалады.

Мәдени тәрбиелік функция халықтың мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайларды туғызуға бағытталған. Ең маңыздылардың бірі ретінде мемлекеттің саяси функциясы қарастырылады, оның негізі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде, биліктік құзырларды орындауда, саяси курсты өңдеуде қаланған. Сыртқы функциялар ішінде өзара тиімді функцияны және мемлекет қорғанысының функцияларын атап өтуге болады. Мемлекет саяси билікті ұйымдастырудың ерекше формасын білдіреді. Ол өз кезегінде белгілі бір құрылымға иеленеді. Мемлекеттік биліктің жүзеге асырылуын, құрылымын, ұйымдастырылуын «мемлекет формасы» сипаттайды.

Мемлекет формасы мемлекеттің сыртқы қасиеттерінің біртұтастығы ретінде үш элементтен тұрады: 1) билік формасы; 2) мемлекеттік құрылымның формасы; 3) саяси режим.

Билік формасының астарында жоғары мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу әдісі түсініледі. Мемлекеттік билікті кімнің және қалай орындағанына байланысты монархия мен республиканы бөліп көрсетеді. Монархиялар абсолютті және конституциялық болып келеді. Абсолюттік монархия мемлекеттік билік бірегей монархпен орындалатын басқарудың осындай формасын білдіреді. Конституциялық монархия монархтың билігі белгілі бір өкілеттік органмен шектелетінін білдіреді.

Республикаларда биліктің көзі ретінде халық қарастырылады, ол өз кезегінде президенттік және парламенттік болып келеді.

Президенттік республика (АҚШ) үшін заң шығарушы және атқарушы биліктің қатал бөлінісі сипатты болып келеді. Президент мемлекетті басқара отырып, атқарушы билікке иеленіп, парламенттің алдында жауапкершілік алмайды. Үкімет президентпен тағайындалып, оның алдында жауапкершілікке иеленеді. Президент парламентті тарата алмайды.

Парламенттік республикаларда (ФРГ) заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарының өзара қатынастары әріптестік принципіне құралады. Президент парламенттік республикада мемлекет басшысы деп есептеледі, бірақ атқарушы билік үкіметке зейінделген. Президенттік парламенттік республика (Франция, Австрия, Ирландия, Польша, Португалия, Болгария) үкіметтің екі түрлі жауапкершілігімен, яғни президент пен парламент алдындағы жауапкершіліктерімен сипатталады. Бұл форма күшті президенттік билік пен парламент тарапынан үкіметті тиімді бақылаумен сыбайластырады.

Мемлекет белгілі бір аумақта орналасып, азаматтармен қамтылған. Аумақта халықтың бірігу әдістері, адамдардың мемлекетпен саяси және аумақтық ұйымдар арқылы байланысын «мемлекеттік құрылымның формасы» түсінігі білдіреді.

Унитарлық мемлекет аумақтық саяси ұйымдасудың кең тараған формасы болып табылады. Унитарлық мемлекетте мемлекет үшін жалпы өкілеттік, атқарушы, және соттық органдар бар. Олардың құзыреттіліктері барлық аумаққа тарайды. Заң шығарушының бірегей жүйесі, бірегей ақша және ақша жүйелері, бірегей азаматтылық қызмет етеді.

Федеративтік мемлекет жеке мемлекеттік құрылымдардың ортақ одақтасты мемлекетке ерікті бірігуін білдіреді. Қазіргі таңда федерациялар ретінде әлемнің жиырма мемлекеті танылады: Австралия, Австрия, Аргентина, Бельгия, Бразилия, Венесуэлла, Үндістан, Канада және т.б. федерацияның аумағын оның субъектілерінің аумағы қалыптастырады: федерацияның ішкі шекаралары оның субъектілерінің келісімімен өзгертіледі. Федерациялар территориялық (АҚШ) және аралас (Ресей) көрсеткіштері бойынша құрылады, олар өз кезегінде мемлекеттік құрылымның мазмұнын, сипатын анықтайды.

Конфедерация саяси қоғамдастықтың кездеспейтін ұйымдастырылу формасын білдіреді. Конфедерация мемлекет дегенді білдірмейді. Тәжірибеде конфедерация деп белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің одағы аталады. Мемлекеттің келісілген саясатын жүргізу үшін конфедерациялар басқару органдарын құрайды. Конфедерацияда жоғары заң шығарушы орган, ортақ азаматтық болмайды, ал қатысушы мемлекеттер халықаралық қызметтерді өз аттарынан атқара алады.

Саяси режим жоғарыда аталып өткендей, мемлекеттік билікті жүзеге асырушы әдістер мен құралдардың жиынтығы деп есептеледі. Ол саяси бостандықтың дәрежесін білдіреді. Адамзат тарихы режимдердің бір қатарын басынан өткерді: деспотиялық; тираниялық; тоталитарлық; авторитарлық; демократиялық;

Құқықтық мемлекет мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу формасы мен қызметін білдіреді. Бұл жағдайда мемлекет, барлық әлеуметтік қауымдастықтар, бөлек индивид құқықты құрметтеп, бір біріне теңдей қарым қатынаста болады. Бұл жағдайда құқық мемлекеттің, қоғамның және индивидтің өзара байланысының әдісі болып келеді.

Әлеуметтік мемлекет халықтың иігілігін қамтамасыз етуші сипатпен ерекшелінетін мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу формасын білдіреді. Мұндай мемлекет әлеуметтік әділеттілік принциптеріне негізделген адамдар арасында әлеуметтік қарым қатынастардың жаңа түрін қалыптастырады. Ол өз азаматтарының әлеуметтік экономикалық тұрақты қалпын қолдау үшін жауапкершілікке иеленеді.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Мемлекеттің түсінігі мен пайда болу теориялары қандай?*
- 2. Мемлекеттің қандай функцияларын білесіз?*
- 3. Мемлекет қандай функцияларды атқаруы тиіс?*
- 4. Мемлекеттің құрылымы түсінігінің астарында не түсініледі?*
- 5. Басқару формасы саяси режимнен немен ерекшеленеді?*

6. «Мемлекеттік құрылым формасы» түсінігі нені білдіреді?
7. Федерация унитарлық мемлекеттен немен ерекшелінеді?
8. Конфедерацияның ерекшеліктері қандай?

2-ші тапсырма

Қазақ тіліне аударыңыз.

Нашему независимому государству нужны трудолюбивые специалисты, глубоко разбирающиеся в своей профессии, всесторонне пользующиеся своими знаниями и предприимчивостью. Главным требованием сегодняшнего дня является качественное, осмысленное, образцовое обучение молодого поколения. Быть образованным – значит иметь способность открывать неизвестное, образованный человек знает очень многое, с помощью своего таланта он способен самостоятельно открывать неизвестные явления.

3-ші тапсырма

Негізгі құқық тұжырымдамаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтаңыз. Нәтижелерін кестеде көрсетіңіз.

<i>Тұжырымдама (концепция)</i>	<i>Артықшылықтары</i>	<i>Кемшіліктері</i>
Нормативистік (нормативистская)		
Әлеуметтік (социальная)		
Психологиялық (психологическая)		
Жаратылыс-құқықтық (естественно-правовая)		

1.2 Конституциялық құқық негіздері

*Заң – азаматтарды қорқыту үшін ғана емес,
көмектесу үшін де қажет.*

Ф. Вольтер

1-ші тапсырма

Жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен тансыңыздар.

Мемлекеттік құрылыс – государственный строй

Өзгерістер – изменения

Толықтырулар – дополнения

Енгізу – вносить

Сипаттама – характеристика (описание)

Тұжырымдау – освещать

Тағайындау – назначить

Саяси ахуал (жағдай) – политическое положение

Бағыт – направление

Өзін-өзі басқару – самоуправление

Қадір-қасиет – честь и достоинство

Лауазым – должность, звание, ранг

Наным-сенім – вероисповедание

Қол сұғу – посягательство

Жинақталған – системазированы

Қайнар көзі – исток, источник (-и)

Негізделу – обосновывать

Өкілетті – уполномоченный

Өтпелі кезең – переходный период

Заң шығару ісі – законотворчество

Заң шығарушы – законодатель

Заңнама актісі – законодательный акт

Мүліктік қатынастар – имущественные отношения

Жаза шарасы – мера наказания

Азаматтық – гражданство

2-ші тапсырма

Мына сөздер мен сөз тіркестерді аударып, мағынасын ұғып алыңыз.

- қоғамдық құрылыс негіздері;
- мемлекеттік органдар жүйесі;
- азаматтардың құқықтары мен міндеттері;
- мемлекеттің негізгі заңы;
- түрлі мамандық иелері;
- қарапайым халық;
- бүкіл қоғамның тағдыры;
- Конституцияға өзгеріс енгізу;
- өтпелі кезеңнің негізгі заңы;
- бүкілхалықтық референдум;
- өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- заң шығару ісінің қайнар көзі;
- нормативтік актілер;
- Конституцияның ережелеріне негізделу;
- азаматтар мен заңды тұлғалар;
- мүліктік қатынастар;
- мүліктік емес жеке қатынастар;
- заңнамалық акт;
- қоғамға қауіпті әрекеттер;
- қылмыстық заңнама актісі;
- әкімшілік құқықбұзушылық;
- жауапкершілікке тарту;
- жаза шарасын белгілеу;
- құқық нормалары;
- жүйеленген заңнама актілері.

3-ші тапсырма

Мәтінге арналған тапсырмалар:

а) мәтінді оқып шығыңыз;

ә) мәтінге арналған сұрақтарға жауап беріңіз;

б) мәтіннен таныс емес сөздермен жұмыс жасаңыз, аударыңыз, мағынасын ұғып алыңыз.

«Конституция – мемлекеттің Ата Заңы»

Конституция (лат. Constituti – құрылу, өкім) – қоғамдық құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың қызметін, азаматтардың

құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Ол – мемлекеттің негізгі заңы. Конституцияны жасауға түрлі маман иелері және қарапайым халық қатыстады. Ол – бүкіл қоғамның тағдырын айқындайтын заң. Конституцияға өзгеріс енгізу өте қатаң және жиі қайталана бермейді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері екі рет Конституция қабылданды.

1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы қабылданды. Ол өтпелі кезеңнің негізгі заңы ретінде екі жыл өзінің миссиясын толық атқарды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы Қазақстан Республикасының жана Конституциясы қабылданды.

Конституцияның жасаушысы – халық. Халық Конституцияны қабылдай отыра, оған байланысты әрі қарай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені де шешеді. Конституцияның маңызды ерекшелігі – ол бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан, қоғамның негізгі заңы болып табылады.

Конституция – бүкіл заңнаманың қайнар көзі болып табылады. Нормативтік актілердің бәрі Конституцияның ережелеріне негізделіп қабылданады, яғни барлық құқық салаларының заңнама базасы болып табылады.

Конституцияның құрылымы мен мазмұны:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады.

Бірінші бөлім «Жалпы ережелер» деп аталады. Онда Қазақстан Республикасының саяси сипаттамасы, президенттік басқару нысаны, құқықтық қолданылуы айқындалған, идеологиялық және саяси қатынастар, меншікке қатысты қағидалар тұжырымдалған.

Екінші бөлім «Адам және азамат» деп аталады. Адамның құқығы мен бостандығы, міндеттері, азамат және азаматтыққа байланысты ережелер жинақталған.

Үшінші бөлімде Президенттің, төртінші бөлімде Парламенттің, бесінші бөлімде Үкімет құрамының сайлану, тағайындалу мерзімі, атқаратын қызметтері, өкілеттіктері, ел экономикасы, ішкі-сыртқы саясат және т.б. мәселелер баяндалған.

Алтыншы бөлімде Конституциялық Кеңестің қызмет бағыты, жетінші бөлімде Соттар мен Сот төрелігі қызметінің мазмұны, сегізінші бөлімде жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару ережелері тұжырымдалған.

Тоғызыншы бөлімде қорытынды және өтпелі ережелер белгіленген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының алғашқы Ата Заңы қай жылы қабылданды?

2. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қай жылы қабылданды?

3. Конституцияның мәні неде?

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы қанша бөлімнен тұрады?

5. Конституцияның әр бөлімін қысқаша сипаттап беріңіз.

6. Конституцияға қанша рет өзгерістер енгізілді?

7. Конституцияға өзгерістер қашан енгізілді?

4-ші тапсырма

Сөздердің сәйкес қатарын анықтаңыз.

мемлекеттік құрылыс	права граждан
өтпелі кезең	переходный период
құқық салалары	определяет
азаматтардың құқықтары	вмешательство (покушение)
қол сұғу	должностное положение
әркім	отрасли права
кемсіту	принята
лауазымдық жағдай	государственный строй
айқындайды	оскорбление
қабылданды	каждый

5-ші тапсырма

Мына сөздерді дұрыс орналастырыңыз.

Тәуелсіздік, қабылданды, Қазақстан, екі, Конституция, алғаннан бері, рет. Ол бір жағынан, болып табылады, маңызды, мемлекеттің, екінші жағынан, негізгі заңы, қоғамның, Конституцияның, ерекшелігі. Қатысады, мамандық, жасауға, қарапайым, Конституцияны, түрлі, иелері, және, маман, халық.

6-шы тапсырма

Жоғарыда аталып өткен «Конституция – мемлекеттің негізгі заңы» тақырыбы бойынша эссе жазып келу (1,5-2 бет).

1.3 Азаматтық құқық негіздері

*Жаңа заңдар жаман әдеттерден туады
(Тацит, ежелгі Рим тарихшысы)*

1-ші тапсырма

Тақырып бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен танысыңыз.

Азаматтық құқық – гражданское право

Азаматтық құқық объектілері – объекты гражданских прав

Құқық саласы – отрасль права

Бап – статья

Тармақ – пункт

Бөлік – часть

Мүліктік қатынастар – имущественные отношения

Мүліктік емес қатынастар – неимущественные отношения

Өнертапқыш – изобретатель

Сыйақы – вознаграждение

Іскерлік бедел – деловой авторитет

Материалдық игіліктер – материальные блага

Бағалы қағаздар – ценные бумаги

Зияткерлік меншік – интеллектуальная собственность

Құн – стоимость

Қаламақы – гонорар

Жалға беру – сдать в аренду

Мұраға қалдыру – оставить в наследство

Талап арыз – исковое заявление

2-ші тапсырма

Составьте словарь на тему «Объекты гражданских прав» используя статью 115 ГК РК от 27.12.1994 г. № 268-ХІІІ (Общая часть).

Статья 115 ГК РК: виды объектов гражданских прав.

1. Объектами гражданских прав могут быть имущественные и личные неимущественные блага и права.

2. К имущественным благам и правам (имуществу) относятся: вещи, деньги, в том числе иностранная валюта, финансовые инструменты, работы, услуги, объективированные результаты творческой интеллектуальной деятельности, фирменные наименования, товарные знаки и иные средства индивидуализации изделий, имущественные права и другое имущество.

3. К личным неимущественным благам и правам относятся: жизнь, здоровье, достоинство личности, честь, доброе имя, деловая репутация, неприкосновенность частной жизни, личная и семейная тайна, право на имя, право на авторство, право на неприкосновенность произведения и другие нематериальные блага и права.

115-бап. Азаматтық құқық объектілерінің түрлері.

1. Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

2. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

3. Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

3-ші тапсырма

Азаматтық құқық объектілерінің түрлерін қолданып сөйлем құрастырыңыз.

1 нұсқа: заттар; ақша, шетел валютасы; игі атақ; іскерлік бедел, жұмыс, қызмет.

2 нұсқа: фирмалық атаулар; тауарлық белгілер; жеке адамның өмірі; жеке өмірге қол сұқпаушылық; жеке адамның денсаулығы.

3 нұсқа: жеке адамның қадір-қасиеті; жеке адамның абыройы; жеке құпия мен отбасы құпиясы; есім алу құқығы; автор болу құқығы.

4-ші тапсырма

Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

Азаматтық құқық

Қазақстан Республикасының біртұтас құқық жүйесі бірнеше салаға бөлінеді. Сол салалардың бірі – азаматтық құқық. Конституция азаматтық құқықтың негізін қалайтын нормативтік акт болып табылады.

Азаматтық құқық нормалары – өзара туыстас қатынастарды реттейтін құқық нормалары. Азаматтық құқық еңбек, отбасылық, қаржылық және т.б. құқықтық қатынастарынан туындайтын қатынастарды реттейді, демек азаматтық құқық мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейді.

Мүліктік қатынастарға мүлікті иелену, пайдалану және билік етуге байланысты қатынастар жатады. Басқаша айтқанда, мүліктік қатынастар материалдық игіліктермен (мүлік (қозғалатын және қозғалмайтын), тауар, ақша, заттар, бағалы қағаздар, қызмет көрсету және т.б.) байланысты қоғамдық қатынастар. Мысалы, сату, сатып алу, жалға беру, мұраға қалдыру.

Мүліктік қатынастар – қоғамдық қатынастардың негізі болып, азаматтық құқықпен реттеледі.

Мүліктік емес жеке қатынастар екі топқа бөлінеді:

- 1) мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастар;
- 2) мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар.

Бірінші топтағы мүліктік қатынастармен тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастардың тікелей мүліктік сипаты мен ақшалай құны болмайды. Бұл топтың негізін зияткерлік меншікпен байланысы бар құқықтық қатынастар құрайды.

Ғылыми еңбектің авторы немесе өнертапқыш өзінің авторлық құқығын қорғауға байланысты сотқа талап арыз беріп, арыз сот арқылы қанағаттандырылатын болса, онда ғылыми еңбектің авторының немесе өнертапқыштың қаламақы немесе басқа сыйақы алуға құқығы болады. Бұл жағдайда мүліктік емес жеке қатынастар мүліктік қатынастармен байланыстылық сипатта болады.

5-ші тапсырма

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Азаматтық құқыққа сипаттама беріңіз.
2. Азаматтық құқықтың ең негізгі нормативтік актісін атаңыз.

3. Азаматтық құқық қандай қатынастарды реттейді?
4. Мүліктік емес қатынастар неше топқа бөлінеді?

6-шы тапсырма

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 1-ші бабының 1-ші тармағы бойынша қазақша-орысша сөздік құрастырыңыз.

1-бап. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастар.

Азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары, өзге де мүліктік қатынастар және мүліктік қатынастарға байланысты емес жеке қатынастар реттеледі. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынас қатысушылары болып: азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, әкімшілік-аумақтық бөліністер табылады.

Статья 1. Отношения, регулируемые гражданским законодательством.

1. Гражданским законодательством регулируются товарно-денежные и иные, основанные на равенстве участников, имущественные, личные, неимущественные отношения. Участниками регулируемых гражданским законодательством отношений являются: граждане, юридические лица, государство, а также административно-территориальные единицы.

7-ші тапсырма

Заңды тұлғалардың ұйымдастыру-құқықтық нысандары» тақырыбы бойынша қисынды кесте құрастырыңыз.

1.4 Құқық бұзушылық

1-ші тапсырма

Жаңа сөздер мен сөз тіркестермен танысыңыз.

Құқық бұзушылық – правонарушение

Қылмыс – преступление

Теріс қылық – проступок

Әкімшілік жауаптылық (жауапкершілік) – административная ответственность

Тәртіптік жауаптылық – дисциплинарная ответственность

Мемлекеттік айыптаушы – государственный обвинитель

Мемлекеттік түзету шаралары – государственные исправительные меры

Мойындау – признание

Мәжбірлеу шаралары – принудительные меры

Тергеуші – следователь

Анықтаушы – дознаватель

Жәбірленуші – потерпевший

Күдікті – подозреваемый

Айыпталушы – обвиняемый

Сотталушы – подсудимый

Сотталған адам – осужденный

Ақталған адам – оправданный

Куә – свидетель

Куәгер – понятой

Заңды өкілдер – законные представители

Қорғаушы – защитник

Азаматтық жауапкер – гражданский ответчик

Іздестіру шаралары (іс-шаралары) – розыскные мероприятия

Тараптар – стороны

2-ші тапсырма

Мәтінді оқып, аударып, мағынасын ұғыңыз.

«Құқық бұзушылық»

Құқық бұзушылық – қоғамға зиян келтіретін қарсы әрекет немесе әрекетсіздік. Заң бойынша құқық бұзушылық екіге бөлінеді: қылмыс және теріс қылық.

Теріс қылық үшін жауапкершіліктің үш түрі бар:

- азаматтық жауапкершілік (мысалы: жеке тұлғаға, азаматтың немесе заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетін қаралайтынын мәліметтерді тарқату және т.б.),

- әкімшілік жауапкершілік (мысалы: автокөлікті жүргізу тәртіп бұзғаны үшін);

- тәртіптік жауапкершілік (мысалы: еңбек етуге байланысты міндеттердің орындалмағаны үшін).

Құқық бұзушылықтың барынша қауіпті түрі қылмыс болып табылады. Қылмыс құқық бұзушылықтыңдың ең ауыр түрі. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мемлекет заңды бұзған әр адамды жауапқа тартуға құқылы. Айыпты адам болса, мемлекеттің түзету шараларын мойындауға міндетті. Жауапқа тартылушы адам мемлекеттік мәжбірлеу шарасы заңға сәйкес келген жағдайда ғана мойынұсынуға құқылы. Яғни, ол өзін заңды жауапқа тартылудан қорғауға құқылы.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқық бұзушылық дегеніміз не ?
2. Құқық бұзушылықтың ең ауыр түрі қандай ?
3. Теріс қылық үшін жауаптылықтың неше түрі бар?
4. Азаматтық жауапкершілік дегеніміз не?
5. Әкімшілік жауапкершілік дегеніміз не?
6. Тәртіптік жауапкершілік дегеніміз не?

3-ші тапсырма

Бірінші бағандағы сөздердің аудармасын екінші бағанда табыңыз.

қылмыс
заңгер
кінәлі адам
жауаптылық

ответственность
виновный
администрация
преступление

әкімшілік
мүліктік

имущественный
юрист


4-ші тапсырма

Белгілі бір жағдайға байланысты (ситуациялық) тапсырма.

Қылмысқа кездейсоқ куә болсаңыз, не істейсіз?

1-ші үлгі:

Көргеніңіз туралы
ешкімге, ештеңе
айтпауға тырыстыңыз.
Оның себебі не?



2-ші үлгі:

Көргеніңіз туралы
бірден полицияға
хабарладыңыз.
Оның себебі не?

5-ші тапсырма

Қазақ тіліне аударыңыз.

Правонарушение – это такое поведение человека, которое выражается в действии или бездействии. Правонарушения противоречат нормам права и совершаются вопреки им. Правонарушением признается только виновное поведение субъектов права. Правонарушения обладают общественно опасным характером, т.е. наносят вред или создают опасность для личности, собственности, государства или общества в целом.

6-ші тапсырма

Төмендегі фразеологизмдерді (тұрақты сөз тіркестерді) оқыңыз, ситуациялық жағдаят құрыңыз және жаттап алыңыз.

Ақ сөйле – говори правду
Ақылынан адасу – сходить с ума
Ала ауыз болу – быть в разногласии
Өсек-өтірік, алып қашты сөз – слухи, сплетни
Атар таң көрер күн жоқ – невыносимые условия жизни

Ата жау – заклятый враг
Атам заманнан – издавна
Қол ұшын беру – оказывать помощь
Аузы ауызына жұкпау – говорить очень быстро
Аузы берік – держать язык за зубами
Сазайын тарту, жазалану – быть наказанным
Төбе шашы тік тұру – сильно испугаться
Бармағын шайнау – раскаиваться

7-ші тапсырма

Тұрақты сөз тіркестерді тауып, сөйлемдерді аударыңыз.

Тергеуші тергеу жұмысын шұғыл түрде жүргізбесе, қылмыскерді ұстауға қиынға соғады.

Тергеуші бір-екі күн кешіксе, қылмыскер ізін суытады.

Көзді ашып жұмғанша жедел жәрдем машинасы жетіп келді.

Қылмыс құрбаны ауруханаға жетпей дүние салды.

Қашқын басы ауған жаққа қашты.

Аулада жатқан мәйтті көріп, төбе шашы тік тұрды.

Сарапшы қылмыскердің ізін тайға таңба басқандай анықтап берді.

Тәртіп сақшыларының ескертуіне тоқтамай кеткен қылмыскерге оқ атуға тура келді. Оқ дәл тиіп қылмыскер сол жерде тіл тартпай кетті.

8-шы тапсырма

Төменде берілген глоссарийді жаттаңыз (2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 7-бабы).

Қылмыстық іс – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстық қудалау органы және (немесе) сот жүргізетін оқшауландырылған іс жүргізу;

Қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет;

Қорғаушы тарап – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі;

Қылмыстық процеске қатысушылар – қылмыстық қудалауды және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, күдікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері;

Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар – сот отырысының хатшысы, аудармашы, куә, қорғалуға құқығы бар куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы, медиатор;

Мемлекеттік айыптау – прокурордың бірінші және апелляциялық сатыдағы соттағы, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мақсатында айыптауды дәлелдеуден тұратын процестік қызметі;

Өкілдер – жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жекеше айыптаушының, азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін заңның немесе келісімнің күшіне орай білдіруге уәкілеттік берілген адамдар;

Өтінішхат – тараптың немесе арыз иесінің қылмыстық процесті жүргізетін органға жолдаған, процестік әрекеттер жүргізу немесе процестік шешім қабылдау туралы өтінуі, ал кассациялық сатыда – заңды күшіне енген сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтініш;

Санкция – соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық қудалау органының процестік әрекетті жасауына берген рұқсаты не қылмыстық қудалау органы жасаған немесе қабылдаған процестік әрекетті немесе процестік шешімді прокурордың бекіту актісі;

Сотқа дейінгі іс жүргізу – қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарау не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай-ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы;

Тергеулік – осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын, осы Кодексте белгіленген белгілердің жиынтығы;

Тергеу судьясы – сотқа дейінгі іс жүргізу барысында осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыратын бірінші сатыдағы сот судьясы;

1.5 Қылмыс сипаты. Қылмыс және оның түрлері. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс

«Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»

(Б. Момышұлы)

1-ші тапсырма

Тақырып бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен танысыңыз және сөздікті пайдаланып 10 сөйлем құрастырыңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар	Уголовные правонарушения
Қылмыс	Преступление
Қылмыстық теріс қылықтар	Уголовные проступки
Қылмыс санаттары	Категории преступлений
Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Уголовные правонарушения против семьи и несовершеннолетних
Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту	Вовлечение несовершеннолетнего в совершение уголовных правонарушений
Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту	Вовлечение несовершеннолетнего в совершение антиобщественных действий
Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту	Вовлечение несовершеннолетнего в занятие проституцией
Кәмелетке толмағандар саудасы	Торговля несовершеннолетними
Баланы ауыстыру	Подмена ребенка
Бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет	Незаконная деятельность по усыновлению (удочерению)
Бала асырап алу құпиясын жария ету	Разглашение тайны усыновления (удочерения)
Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке	Неисполнение обязанностей по уплате средств на содержание детей, уклонение от уплаты средств на содержание нетрудоспособных

қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару	родителей, нетрудоспособного супруга (супруги)
Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау	Неисполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего
